

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізілген күні: 17 наурыз 2025 ж.

Қатысқан педагогтар саны: 10 педагог

Тақырыбы: Мәдени құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру іс-тәжірибелері арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайы.
3. Презентация: «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы іс-тәжірибе. (слайд-презентация)
4. Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру».
5. Тренинг: «Адамгершілік иірімдері».
6. Режимдік сәттердің ұйымдастырылуы: ұйқыдан ояту жұмыстары, ұйқыдан кейінгі гимнастика, шынықтыру шараларында ұлттық ойындарды пайдалану, түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстарының орындалуы.
7. Ағымдағы мәселелер.

1-МӘСЕЛЕ

№3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. сөз алып, №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды.

Педагогикалық кеңестің шешімдеріне сәйкес педагогтер оқу-тәрбие процесінде жаңартылған бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып жұмыс жүргізгені айтылды. Топтарда пәндік-дамытушы орта толықтырылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай көрнекіліктер жаңартылған.

Педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерге инновациялық технологияларды енгізуі бақылауға алынған. Бақылау нәтижесінде педагогтердің басым көпшілігі ойын технологияларын, зерттеу әдістерін және шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолданғаны анықталған. Ата-аналармен жұмыс жоспары бойынша ашық есік күндері, консультациялар мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылған. Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артқан. Жалпы алғанда, №3 педагогикалық кеңестің шешімдері толық және сапалы орындалғаны атап өтілді.

2-МӘСЕЛЕ

Өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайы

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Педагогтер жылдық жоспарға сәйкес өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыс жүргізген. Әр педагог таңдаған тақырыптары аясында әдістемелік әдебиеттермен танысып, интернет ресурстарын пайдаланып, тәжірибелік материалдар жинақтаған.

Педагогтер аудандық семинарларға, вебинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, алған тәжірибелерін әріптестерімен бөліскен. Кейбір педагогтер ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетіп, шеберлік сағаттарын өткізген. Мониторинг нәтижесінде педагогтердің кәсіби шеберлігінің артқаны, сабақ жоспарлау мен балалармен жұмыста жаңа технологияларды тиімді пайдалана бастағаны байқалды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна өз білімін жетілдіру барысында алған тәжірибелерінің нәтижелерімен бөлісті.

3-МӘСЕЛЕ

Презентация: «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру әдіс-тәсілдері»

Тыңдалды:

Тәрбиеші Шамилова Айымгул Батырбекқызы өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, рухани-адамгершілік тәрбиенің бала тұлғасын қалыптастырудағы маңызына тоқталды. Презентация барысында балаларға мейірімділік, сыйластық, қамқорлық, үлкендерді құрметтеу, достық қарым-қатынас сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жолдары көрсетілді. Тәрбиеші жұмыста қолданылатын әдістерге тоқталды: әңгімелесу, жағдаяттарды шешу, көркем әдебиет оқу, ертегі терапиясы, рөлдік ойындар, мақал-мәтелдер пайдалану, ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру. Балалардың мінез-құлқында жағымды өзгерістер байқалғаны, бір-біріне көмек көрсету мен сыйластықтың артқаны атап өтілді.

4-МӘСЕЛЕ

Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру»

Тыңдалды:

Меңгеруші Амирова Г.Х. жүргізілген тақырыптық бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Бақылау барысында барлық топтарда ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған шағын мұражай бұрыштары ұйымдастырылғаны анықталды. Мұражайларда ұлттық бұйымдар, қазақ халқының тұрмыстық заттары, ұлттық киім үлгілері, қолөнер бұйымдары, музыкалық аспаптар және ұлттық нақыштағы көрнекіліктер орналастырылған. Педагогтер балаларға мұражай бұрышындағы заттардың маңызын түсіндіріп, танымдық әңгімелер өткізген. Кемшіліктер: Кейбір топтарда ақпараттық материалдар жеткіліксіз. Экспонаттардың атаулары толық жазылмаған. Ата-аналарды тарту деңгейі әртүрлі. Жақсы тәжірибе көрсеткен топтар аталып өтті.

5-МӘСЕЛЕ

Тренинг: «Адамгершілік иірімдері»

Тыңдалды: тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна

Мақсаты: Педагогтердің рухани-адамгершілік құндылықтар туралы көзқарасын анықтау және тәрбие жұмысындағы маңызын түсіндіру.

Өткізу барысы: Ортаға ұлттық нақыштағы қоржын (немесе қорап) қойылады. Қоржын ішінде адамгершілікке қатысты сөздер жазылған карточкалар болады: мейірімділік, қамқорлық, адалдық, құрмет, сабырлылық, кешірімділік, жауапкершілік, әділдік, ізгілік, сыйластық т.б. Әр педагог қоржыннан бір карточка таңдап алады. Тапсырма: «Сіз таңдаған қасиетті балалар бойында қалыптастыру үшін күнделікті жұмысыңызда қандай әдісті қолданасыз?» деген сұраққа 1 минут көлемінде жауап береді.

Мысалы: «Менің карточкам – мейірімділік. Балаларға үлгі көрсету және жағдаяттық ойындар арқылы мейірімділікке тәрбиелеймін». «Менің карточкам – жауапкершілік. Кезекшілік міндеттерін беру арқылы жауапкершілік сезімін қалыптастырамын».

Қорытынды: «Бүгін қоржыннан алынған қасиеттердің барлығы – тұлға тәрбиесінің негізі. Біз осы құндылықтарды өз бойымызда сақтап, балаларға үлгі болғанда ғана рухани бай, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелей аламыз».

Түйін сөз: «Тәрбие сөзбен емес, үлгімен беріледі».

6-МӘСЕЛЕ

Режимдік сәттердің ұйымдастырылуы: Ұйқыдан ояту, ұйқыдан кейінгі гимнастика, шынықтыру шараларына ұлттық ойындарды пайдалану. Түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстарының орындалуы.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. режимдік сәттердің ұйымдастырылу сапасы бойынша жүргізілген бақылау қорытындысын баяндады.

Бақылау нәтижесінде балаларды ұйқыдан біртіндеп, жайлы психологиялық жағдайда ояту жұмыстары жүйелі жүргізілетіні анықталды. Тәрбиешілер тыныш әуендер, жылы сөздер және саусақ жаттығуларын қолданады.

Ұйқыдан кейінгі гимнастика барлық топтарда күнделікті ұйымдастырылады. Жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, денсаулықтарын нығайтуға бағытталған.

Шынықтыру шаралары кезінде «Ақсерек-көксерек», «Орамал тастамақ», «Сақина салу», «Арқан тарту» сияқты ұлттық ойындар тиімді қолданылуда. Бұл балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймай, ұлттық мәдениетке қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түскі ас кезінде балалардың қол жуу, ас құралдарын дұрыс пайдалану, дастарқан басында өзін мәдени ұстау дағдылары қалыптастырылуда. Педагогтер балаларға әдептілік сөздерін қолдануды үйретіп, мәдени-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалайды.

Бақылау барысында жекелеген топтарда балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту жұмыстарын күшейту қажеттігі айтылды.

ШЕШІМІ:

Г.Амирова

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024–2025 оқу жылының ІІ жартыжылдығында №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына мониторинг жүргізілді.

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер бойынша барлық педагогтарға тиісті тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды. Тәрбие-білім беру процесін жетілдіру, құжаттамаларды талапқа сай жүргізу, балалардың даму көрсеткіштерін арттыру бағытындағы жұмыстар уақытылы орындалды. Қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық көлемде жүзеге асырылды.

2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы мен денсаулық жағдайы

Жарты жылдық қорытынды бойынша тәрбиеленушілердің балабақшаға қатысу көрсеткіштеріне талдау жүргізілді. Балалардың қатысу деңгейі тұрақты бақылауда болды. Денсаулық жағдайын сақтау және нығайту мақсатында сауықтыру шаралары, шынықтыру жаттығулары, санитарлық-гигиеналық талаптар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Өткен кезеңмен салыстырғанда балалардың қатысу көрсеткіші жақсарып, сырқаттану деңгейінің төмендеуі байқалды.

3. Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі

Педагогтер оқу-тәрбие жұмыстары бойынша жарты жылдық есептерін ұсынды. Жоспарланған іс-шаралар толық орындалып, ұйымдастырылған оқу қызметтері, тәрбиелік шаралар және ата-аналармен жұмыс өз деңгейінде жүргізілді. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстарға, семинарлар мен шеберлік сағаттарына белсенді қатысуы қамтамасыз етілді.

4. «Шығармашылық апталығы» бойынша педагогтардың жұмыс нәтижесі

Шығармашылық апталығы аясында педагогтер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізді. Көрмелер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, байқаулар мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігі артып, педагогтердің инновациялық жұмыс тәжірибелері насихатталды.

5. Тренинг «Бояулардың адам санасына әсері»

Тренинг жоспарға сәйкес өткізілді. Педагогтер түстердің психологиялық ерекшеліктері, олардың адамның көңіл-күйіне және эмоционалдық жағдайына әсері туралы ақпарат алды. Тренинг барысында практикалық тапсырмалар орындалып, қатысушылардың кәсіби қызығушылығы мен белсенділігі жоғары деңгейде болды.

6. Топтық жоба дайындау және қорғау «Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту»

Педагогтер топтық жобаларын дайындап, қорғады. Жобаларда заманауи технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту жолдары ұсынылды. Жобаларды қорғау барысында тәжірибелік жұмыстар көрсетіліп, тиімді әдістер мен инновациялық тәсілдер талқыланды. Жобалардың нәтижелері тәжірибеге енгізу үшін ұсынылды.

7. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңесте қаралған өзге де ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы қамтамасыз етілді.

Қорытынды: №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер белгіленген жоспарға сәйкес орындалды. Педагогикалық ұжым тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп, қойылған міндеттерді орындауға жауапкершілікпен қарады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

АНЫҚТАМА

«Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайы»

2024–2025 оқу жылының жоспарына сәйкес педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Әр педагог жеке тақырыптары бойынша жұмыс жоспарын әзірлеп, белгіленген бағыттар бойынша ізденіс жұмыстарын атқарды.

Жыл бойы педагогтер әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасап, нормативтік құжаттарды зерделеді, кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында семинарларға, вебинарларға, дөңгелек үстелдерге және шеберлік сағаттарына қатысты. Өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.

Педагогтер заманауи білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізді. Өздігінен білім алу нәтижелері педагогикалық кеңестерде, әдістемелік бірлестік отырыстарында және шығармашылық есептер барысында таныстырылды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артып, білім беру қызметінің сапасын жетілдіруге оң ықпал етті. Өз білімін жетілдіру жоспарларының негізгі бөлімдері толық орындалды, ал жекелеген жұмыстар келесі оқу жылында жалғасын табады.

Қорытынды: Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспары қанағаттанарлық деңгейде орындалды. Алдағы уақытта инновациялық технологияларды меңгеру және тәжірибеге енгізу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы

Өткізілген мерзімі: 01.03.2025-15.03.2025жж

Бақылау жүргізген: Меңгеруші Амирова Г.Х.

Мақсаты: Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шағын мұражайлардың ұйымдастырылу деңгейін анықтау, балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстардың тиімділігін бағалау.

Бақылау барысында балабақшаның барлық топтарындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған шағын мұражай бұрыштарының мазмұны, безендірілуі, білім беру процесінде қолданылуы және ата-аналармен бірлескен жұмыстардың ұйымдастырылуы зерделенді.

Тексеру нәтижесінде барлық топтарда ұлттық тәрбие беру міндеттеріне сәйкес шағын мұражайлар ұйымдастырылғаны анықталды. Мұражайларда қазақ халқының ұлттық киімдері, тұрмыстық бұйымдары, қолөнер заттары, музыкалық аспаптар, ұлттық ойындарға арналған құралдар, ою-өрнек үлгілері мен этномәдени мазмұндағы көрнекіліктер орналастырылған.

Педагогтер мұражай материалдарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, әңгімелесу барысында, көркем әдебиет оқу кезінде және мерекелік іс-шараларда тиімді пайдаланып келеді. Балалар ұлттық бұйымдардың атауларын атап, олардың қолданылу мақсаты туралы қарапайым түсініктерін көрсетті. Ересек топ тәрбиеленушілері ұлттық салт-дәстүрлер мен қазақ халқының мәдени мұралары жөнінде білімдерін еркін жеткізе алды.

Шағын мұражайларды ұйымдастыру барысында ата-аналардың қатысуымен ұлттық бұйымдар, қолөнер туындылары, көне тұрмыстық заттар жинақталып, көрме қорлары толықтырылған. Әсіресе «Еркежан» ересек тобында мұражай бұрышы мазмұнды безендіріліп, экспонаттар туралы ақпараттық материалдармен толықтырылған. «Қошақан» ортаңғы тобында ұлттық ойындарға арналған бұрыш ұйымдастырылып, балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға жағдай жасалған.

Сонымен қатар бақылау барысында бірқатар кемшіліктер анықталды:

- Кейбір топтарда экспонаттар туралы ақпараттық материалдардың жеткіліксіздігі;
- Жекелеген бұйымдардың атаулары мен сипаттамаларының толық жазылмауы;
- Ата-аналарды мұражай қорын толықтыру жұмыстарына тарту деңгейінің әртүрлі болуы;
- Экспонаттарды жүйелі жаңарту жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Қорытынды: Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражайлар талапқа сай ұйымдастырылған. Мұражай материалдары балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыруға, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеуге оң ықпал етуде.

Ұсыныстар:

1. Шағын мұражайлардағы экспонаттарды жаңа материалдармен толықтыру.

2. Әрбір экспонатқа атауы мен қысқаша сипаттамасын орналастыру.
3. Ата-аналарды ұлттық мұраларды жинақтау және таныстыру жұмыстарына белсенді тарту.
4. Ұлттық мерекелер мен тақырыптық апталықтар барысында мұражай материалдарын кеңінен пайдалану.
5. Озық тәжірибелерді барлық топтарға тарату.

Бақылау жүргізген Амирова Г.Х.

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Режимдік сәттердің ұйымдастырылуы: ұйқыдан ояту жұмыстары, ұйқыдан кейінгі гимнастика, шынықтыру шараларында ұлттық ойындарды пайдалану, түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстарының орындалуы

Бақылау мақсаты: Режимдік сәттердің ұйымдастырылу сапасын анықтау, балалардың денсаулығын нығайтуға, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың тиімділігін бағалау.

Бақылау мерзімі: 17.02.2025-28.02.2025жж

Бақылау жүргізген: Амирова Г.Х.

Бақылау барысында ««Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды тобының режимдік сәттерінің ұйымдастырылуы зерделенді. Атап айтқанда, балаларды күндізгі ұйқыдан ояту жұмыстары, ұйқыдан кейінгі сергіту гимнастикасы, шынықтыру шаралары, ұлттық ойындарды пайдалану деңгейі және түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстары бақылауға алынды.

Ұйқыдан ояту жұмыстары. Барлық топтарда балаларды ұйқыдан ояту жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылған. Педагогтер балаларды бірден тұрғызбай, біртіндеп ояту әдістерін қолданады. Тыныш әуендер қою, жылы сөздер айту, жеңіл жаттығулар орындату арқылы балалардың көңіл-күйін көтеруге жағдай жасалған. Кіші топта тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке қолдау көрсетеді. Ортаңғы және ересек топтарда балалар өздігінен киіну және төсектерін жинастыру дағдыларын меңгерген.

Ұйқыдан кейінгі гимнастика. Ұйқыдан кейінгі гимнастика барлық топтарда күнделікті өткізіледі. Жаттығулар кешені балалардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалған.

Бақылау кезінде:

- балалардың қимыл белсенділігі жоғары екендігі;
- жаттығуларды қызығушылықпен орындайтыны;
- тыныс алу жаттығуларының қолданылатыны анықталды.

Ересек топта жаттығулар күрделендіріліп, дұрыс дене қалпын қалыптастыруға бағытталған элементтер енгізілген.

Шынықтыру шаралары барысында ұлттық ойындарды пайдалану.

Педагогтер шынықтыру шараларында ұлттық ойындарды жүйелі қолданады.

Қолданылған ұлттық ойындар:

- «Ақ серек, көк серек»;
- «Арқан тарту»;
- «Ханталапай»;
- «Сақина салу»;
- «Орамал тастамақ»;
- «Тақия тастамақ».

Ұлттық ойындарды пайдалану балалардың дене қозғалысын жетілдірумен қатар, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Бақылау барысында балалардың ойын ережелерін сақтай отырып, белсенді қатысатыны байқалды. Әсіресе ересек топ тәрбиеленушілері ұлттық ойындардың мазмұнын түсініп, қызығушылықпен орындады.

Түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Барлық топтарда түскі ас алдында қол жуу тәртібі сақталады. Балаларға тазалық пен жеке бас гигиенасының маңызы түсіндіріледі.

Бақылау нәтижесінде:

- балалардың басым бөлігі қолдарын дұрыс жуады;
- дастархан басында өзін ұстау ережелерін сақтайды;
- қасық пен шанышқыны дұрыс пайдаланады;
- ас ішіп болғаннан кейін алғыс айту мәдениеті қалыптасқан.

Ересек топ тәрбиеленушілері асханадағы тәртіп ережелерін толық сақтайды. Ортаңғы топта мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптасу үстінде. Кіші топта кейбір балаларға ас құралдарын пайдалану барысында тәрбиеші көмегі қажет екендігі байқалды.

Жетістіктері

- Режимдік сәттер күн тәртібіне сәйкес жүйелі ұйымдастырылған;
- Ұйқыдан кейінгі гимнастика тұрақты өткізіледі;
- Ұлттық ойындар шынықтыру шараларына енгізілген;
- Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасқан;
- Балалардың дербестік деңгейі артып келеді.

Анықталған кемшіліктер

- Кейбір топтарда ұлттық ойын түрлері шектеулі қолданылады;
- Ұйқыдан кейінгі гимнастика кешендерін жаңарту қажет;
- Мәдени-гигиеналық дағдыларды бекітуге арналған көрнекіліктер жеткіліксіз;
- Кіші топтағы жекелеген тәрбиеленушілердің өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру қажет.

Қорытынды: Режимдік сәттердің ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деңгейде. Педагогтер балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуде. Режимдік сәттер тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, тәртіп пен дербестік дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал етуде.

Ұсыныстар:

1. Ұйқыдан кейінгі гимнастика кешендерін тоқсан сайын жаңартып отыру.
2. Шынықтыру шараларында ұлттық ойындардың түрлерін көбейту.
3. Топтардағы мәдени-гигиеналық бұрыштарды толықтыру.
4. Кіші топ тәрбиеленушілерінің өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру бойынша жеке жұмыстар жүргізу.
5. Озық тәжірибелерді педагогтер арасында тарату.

Бақылау жүргізген Амирова Г.Х.